

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің кейбір мәселелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 315 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 4438 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 37 бабы 7 тармағына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабы 2 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 19.03.2018 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса берілген Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледе Тәртібі бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері және мөлшерлері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін;

2) аудан әкімдігінің осы қаулысын мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін оның көшірмесін қағаз және электрондық нұсқада қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) оны ресми жариялағаннан кейін "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет – ресурсында осы қаулыны орналастыру.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Солтүстік Қазақстан облысы
ішкі істер департаменті
Есіл ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
2017 жылғы 14 желтоқсан*

M.Әбішев

M.Байжанов

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 315
қаулысымен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің Тәртібі

Ескерту. Тәртіп жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 02.08.2019 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Тәртіп қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелебу рәсімін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелебу мәселелерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебу туралы ұсынысты "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті Есіл ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-СҚО ПД Есіл ауданының ПБ) Комиссияның қарауына енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелебу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелебу түрін, оның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, Комиссия белгілейді

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес СҚО ПД Есіл ауданының ПБ бастығының бұйрығы қосымша шығарылады.

6. Ақшалай сыйақыны төлеу және бағалы сыйлықты сатып алу облыстық бюджет қаражаты есебінен СҚО ПД Есіл ауданының ПБ жүргізіледі.

7. Көтермелебуді төлеуге арналған қаражат облыстық бюджеттен, Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелебу" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

8. Есіл ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақыны, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Азаматтарға бағалы сыйлықты тапсыруды СҚО ПД Есіл ауданының ПБ салтанатты түрде жүзеге асырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 315
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері және мөлшерлері

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің Құрмет грамотасы.
2. 10-еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде ақшалай сыйақы.
3. 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнына сыйлық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК